



«Бекітемін»
«№20 «Дидар» балабақшасы» МКҚК
меңгерушісі Түребаева Д.Т.

**Балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысының жоспары
2024-2025 оқужылы**

№	Жиналыс тақырыптары	Мерзімі
1	«Жаңа оқу жылына дайындық, білім беру бағдарламасымен таныстыру» Мақсаты: Балабақшадағы жаңа оқу жылының басталуына байланысты жалпы ақпарат беру, жоспарлармен және тәртіп ережелерімен таныстыру.	Қыркүйек
2	"Жылдың алғашқы жартысы: Жетістіктер мен жаңа бағыттар" Мақсаты: Орта жылдық жетістіктерді талдау, тәрбиешілер мен ата-аналардың ынтымақтастығын нығайту.	Қаңтар
3	"Балаларымыздың табысы – біздің ортақ жетістігіміз" Мақсаты: Оқу жылын қорытындылау, балалардың жетістіктерін атап өту, келесі жылға дайындық туралы ақпарат беру.	Мамыр

**МКҚК №20 «Дидар» балабақшасының
№1 жалпы ата-аналар жиналыс хаттамасы**

Жиналыстың түрі: Жыл басындағы жалпы ата-аналар жиналысы
Өткізу күні: 13.09.2024 ж.

Өткізу орны: Балабақша ғимараты, муз.залы

Қатысушылар: Балабақша әкімшілігі, тәрбиешілер, ата-аналар

Қатысушылар саны: 259

Күн тәртібінде:

1. Қонақтарды қарсы алу және таныстыру.
2. Тәрбиешілермен әкімшілік құрамының таныстырылымы.
3. Балабақша ережелері:
 - Келу және кету уақыты.
 - Қауіпсіздік шаралары.
 - Тамақтану тәртібі.
4. Оқу бағдарламасымен қосымша үйірмелер:
 - Бағдарламаның мазмұны.
 - Тәрбиелік және білім беру іс-шаралары.
5. Тренинг
6. Сұрақ-жауап.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Туребаева Д.Т сөз сөйледі ;

Қонақтарды қарсы алу және таныстыру

Жиналысты балабақша меңгерушісі ашып, қатысушыларды жылы қарсы алды. Барлық тәрбиешілер мен әкімшілік құрамымен таныстырды. Ата-аналарға балалардың тәрбиесіне байланысты балабақша ұжымының қызметі туралы қысқаша ақпарат берілді.

2. Тәрбиешілер мен әкімшілік құрамының таныстырылымы

Әр бір тәрбиеші өз топтарындағы балалармен жұмыс жасау бағыттарын қысқаша баяндап, ата-аналармен алдағы жоспарлармен бөлісті.

3. Балабақша ережелері

- **Келу және кету уақыты:**

Балаларды балабақшаға 08:00-08:45 аралығында әкелу және 17:00-18:30 аралығында алып кету қажеттігі айтылды.

- **Қауіпсіздік шаралары:**

Балабақша аумағында қауіпсіздікке ерекше назар аударылатыны, балалардың тәрбиешілер бақылауында болатыны, сырттан келушілердің қатаң тексерілетіні баяндалды.

Балабақша медбикесі сөз сөйледі:

Тамақтану тәртібі:

Балалардың дұрыс тамақтануы үшін әзірдайындалғаны, ерекше тағамдыққа жеттіліктерге алдын ала хабарлау қажеттігі түсіндірілді.

4. Балабақша әдіскер Жанзакова Ж.Х сөз сөйледі;

Оқу бағдарламасымен қосымша үйірмелер

- **Бағдарламаның мазмұны:**

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дайындалған оқу бағдарламасы таныстырылды. Танымдық, шығармашылық, тіл дамыту, дене тәрбиесі бағыттары қамтылатыны айтылды.

- **Тәрбиелік және білім беру іс-шаралары:**

Жыл бойы өткізілетін іс-шаралар, мерекелер, отбасылық жарыстар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ата-аналар мектебі құралып, арнайы жоспары туралы ақпарат берілді.

- **Қосымша үйірмелер:**

Робототехника, хореография, шығармашылық және сөйлеуді дамыту мен логопед үйірмелер бойынша ақпарат ұсынылды.

•
5.Тренинг-жаттығу тапсырмаларын ұйымдастырылды.Балабақша психолгы мен топ тәрбиешілері бірігіп ,ата-аналармен тренинг – жаттығуларын жүргізді

6. Сұрақ-жауап

Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарды қойды. Негізгі сұрақтар:

- Балалардың қауіпсіздігі;
 - Қосымша үйірмелердің ақысы;
 - Тәрбиелік шараларға катысу тәртібі.
- Барлық сұрақтарға жауап берілді, кейбір ұсыныстар талқылауға алынды.

Шешімі:

*Балабақша ережелері сақталсын;

*Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасты тығыз сақталсын;

*Тәрбиеленушілерге сапалы да саналы тәрбие мен білім беру дағдылары қадағалансын;

Төрайымы:



Туребаева Д.Т

Хатшы :

Атагалieва Н.Ж

МККК №20 «Дидар» балабақшасы

№2 жалпы ата-аналар жиналыс хаттамасы

Жиналыстың түрі: Орта жылдық жалпы ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: "Жылдың алғашқы жартысы: Жетістіктер мен жаңа бағыттар"

Өткізу күні: 17.01.2025 ж.

Өткізу орны: Балабақша ғимараты, муз.залы

Жиналыстың ұзақтығы: 60 минут

Қатысушылар: Балабақша әкімшілігі, тәрбиешілер, ата-аналар

Қатысушылар саны: 210

Күн тәртібінде:

1. Балалардың жарты жылдық жетістіктері туралы есеп.
2. «Баланың эмоционалдық күйін қалай білеміз?» Психологиялық тренинг
3. Балалардың тәрбиесіне қатысты ортақ мәселелерді талқылау:
 - Балалардың мінез-құлық ерекшеліктері.
 - Қосымша оқу мен тәрбие бойынша ұсыныстар.
4. Ата-аналардың ұсыныстары мен тілектері.
5. Жеке сұрақтар мен ұсыныстарды тыңдау.

1. Балалардың жарты жылдық жетістіктері туралы есеп

- Жиналысты балабақша меңгерушісі Түребаева Д.Т ашып, балалардың жарты жылда қолжеткізген жетістіктерін баяндады.
- Балалар оқу бағдарламасында жақсы нәтижелер көрсеткені атап өтілді:
 - Математика, тіл дамыту, шығармашылық және әлеуметтік дағдылар саласындағы жетістіктер.
 - Жеке қабілеттерімен ерекшеленген балалар (мысалы, тәртібімен, өнерімен немесе спорттағы жетістіктерімен) мақтайды.
- Балалар тәрбиесіне ата-аналардың белсенді ат салысуы алғыс ретінде ерекше атап өтілді.

2. Балабақаш психологы Атагалиева Н.Ж "Баланың эмоционалдық күйін қалай білеміз?" психологиялық тренингі өткізді:

- Психолог балалардың эмоцияларын түсінудің маңыздылығын түсіндірді.
- Ата-аналармен "Эмоцияны бейнеле" және "Баланың жүрегіне жол" жаттығулары өткізілді.
- Балалардың эмоцияларын байқау, түсіну, және қолдау көрсету бойынша ұсыныстар айтылды.
- Қатысушылар тренингті қызығушылықпен қабылдап, өз тәжірибелерімен бөлісті.

3. Ересек топ тәрбиешісі-Кужанова К.К :Балалардың тәрбиесіне қатысты ортақ мәселелерді талқылау туралы сөз сөледі

3.1. Балалардың мінез-құлық ерекшеліктері

- Тәрбиешілер балалардың мінез-құлқындағы ортақ мәселелерді атап өтті:
 - Ұялшақтық немесе белсенділік.
 - Эмоцияларды бақылаудағы қиындықтар.
 - Топта өзара әрекеттесуді жақсарту қажеттілігі.
- Ата-аналарға үйде балаларына қолдау көрсету әдістері ұсынылды.

3.2. Балабақша әдіскері Жанзакова Ж.Х сөз сөледі: Қосымша оқу мен тәрбие бойынша ұсыныстар

- Ата-аналарға балаларды қосымша үйірмелерге қатыстыру туралы ақпарат берілді .
- Үйдегі тәрбие мен оқу үшін ойын түріндегі әдістерді қолдану кеңестері айтылды.

4. Ата-аналардың ұсыныстары мен тілектері

- Ата-аналар балабақшада қосымша шаралар өткізу туралы ұсыныстар айтты:

- Көктемгі мерекелерге дайындықты ертерек бастау,
- Балаларға арналған кітап оқу сағаттарын ұйымдастыру.
- Отбасымен бірге қатысуға болатын спорттық және шығармашылық жарыстарды жиі ұйымдастыру.

5. Жеке сұрақтар мен ұсыныстарды тыңдау

- Ата-аналардың жеке сұрақтары тыңдалды:
 - Балалардың диетасы мен тамақтану сапасына қатысты пікірлер.
 - Жеке тәртіп мәселелеріне қатысты кеңестер берілді.

Шешімі:

- Барлық ұсыныстар балабақша әкімшілігімен талқындалсын;
- Барлық сұрақтар бойынша нақты жауаптар беріліп, мәселелерді шешу бойынша шаралар қабылданылсын;
- Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы ынтымақтастықтың жалғаса берілісін;

Төрайымы:



Түребаева Д.Т

Хатшы:

Атағалиева Н.Ж

МКҚК №20 «Дидар» балабақшасының

№3 жалпы ата-аналар жиналыс хаттамасы

Жиналыстың түрі: Жыл соңындағы жалпы ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: "Балаларымыздың табысы – біздің ортақ жетістігіміз"

Өткізукүні: 23.05.2025 жыл

Өткізу орны: Балабақша ғимараты, муз.зал бөлмесі

Ұзақтығы: 60-90 минут

Қатысушылар: Балабақша әкімшілігі, тәрбиешілер, ата-аналар

Күн тәртібі:

1. Балалардың жылдық жетістіктері:
 - Әр топ бойынша есеп.
2. «Бір қадам: бір жетістік» тренингі
3. Ата-аналарға ойын: "Балаңызды қаншалықты жақсы білесіз?"
4. Балабақша мен ата-аналар комитетінің алдағы жылға ұсыныстары.
5. Сұрақ-жауап және кері байланыс.

1. Балалардың жылдық жетістіктері

• Әр топ бойынша есеп:

- Балабақша меңгерушісі Туребаева Д.Т оқу жылындағы әр топтың жетістіктері туралы жалпы есеп берді.
- Тәрбиешілер әр топтың жетістіктерін қысқаша баяндады:
 - **Мектепалды топ:** Мектепке даярлық бағдарламасын табысты аяқтады, шығармашылық және танымдық дағдыларын дамытты.
 - **Ересек топ:** Танымды дағдылармен қарым-қатынас қабілеттерін дамытты.
 - **Ортаңғы топ:** Әлеуметтік ортаға бейімделіп, алғашқы тәртіп ережелерін меңгерді.

2. "Бір қадам: бір жетістік" тренингі

- Балабақша психологы Атағалиева Н.Ж тренинг жүргізді. Ата-аналарға балаларының кішкентай жетістіктерін бағалаудың маңыздылығын түсіндірді.
- Қатысушылар "Жетістік баспалдағы" және "Келесік адам" жаттығуларын орындап, балалардың дамуындағы өз үлестерін талқылады.
- Барлық қатысушылар тренингтің пайдалы болғанын атап өтті.

3. Ата-аналарға арналған ойын: "Балаңызды қаншалықты жақсы білесіз?"

- Ата-аналарға балаларға қойылған алдын ала сұрақтарға жауап беру ұсынылды.
- Балалардың жауаптары оқылып, ата-аналар өз жауаптарын салыстырды.
- "Баласын ең жақсы білетін ата-ана" номинациясы бойынша жеңімпаз ата-ана марапатталды. Ойынқ ызықты және көңілді өтті.

4. Сұрақ-жауап және кері байланыс

- Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарды қойды:
 - Тамақтану сапасы мен мәзірді әр тараптандыру.
 - Жаңа оқу жылындағы жоспарлар туралы ақпарат.
- Тәрбиешілер мен әкімшілік тарапынан барлық сұрақтарға жауап беріліп, ұсыныстар қаралатын болды.
- Ата-аналар жиналысқа ризашылықтарын білдіріп, балабақша қызметін жоғары бағалады.

Шешімі:

Жиналыс нәтижесінде оқу жылының жетістіктері қорытындыланып, ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығая түсті. Алдағы оқу жылына мақсаттар айқындалып, балалардың дамуына қажетті қадамдар талқыланды.

Төрайымы:

Туребаева Д.Т

Хатшы :

Атагалиева Н.Ж

